



**Курстық жұмыс**

***Тақырыбы:***

**«Мектеп жасына дейінгі балаларды  
табиғатпен, қоршаған ортамен  
таныстырудағы пайдаланылатын әдіс-  
тәсілдер»**

# Кіріспе

Табиғатты тануға және балалардың әр түрлі дағдылар мен іскерлікті алуына басшылық ете отырып, сан алуан әдістер мен тәсілдерді қолданады.

Қандай да болмасын бір әдісті қолдана отырып, тәрбиеші көптеген әр түрлі әдістерді қолданады. Мысалы, әңгімелесуді бақылаумен ұштастыра өткізгенде ол объектіні балаларға жақындатады, білетін нәрсені сұрайды, ойын элементтерін кірістіреді, мақалдар мен мәтелдерді т.б. қолданады. Бір әдістің өзі әр түрлі тәсілде қолданылуы мүмкін. Мысалы, салыстыру – бақылау кезінде, дидактикалық ойындарды әңгімелесулерде қолданылады, бақылаулар мен әңгімелесулер кезінде ойындық әдістер де қолданылады;

### **Курстық жұмыстың өзектілігі:**

Қоршаған ортаны сақтауда әдіс- тәсілдерді қолдану арқылы адамның тұрмыс-тіршілігіне, жан-жануарлар дүниесіне олардың өмір сүруіне қажетті тіршілік әлеміне тығыз сабақтас табиғат дүниесін аялауға, оны қолдан жасауға, көркейтуге, өсімдіктерді, жан-жануарлар дүниесін баптап күтуге, өсімдіктерді басып-жаншып, сындырмауға, өзен-көл суларын ластамауға, айналадағы қоршаған ортада тазалық сақтау сияқты адамға байланысты экологиялық адамгершілік әрекеттердің қалыптасуы балалық шақтан оның ой-санасына орнықтырып, күнделікті іс-әрекетінде орындауға тиісті міндеттердің бірі болуы керек.

### **Курстық жұмыстың мақсаты:**

Экологияны, қоршаған ортамен таныстырудағы әдіс-тәсілдер арқылы табиғатты қорғау туралы көзқарастарының дұрыс қалыптасуына бағыт-бағдар беріп, нығайта, білім мен тәрбиелерін жетілдіре, табиғатын аялап, сақтауды, қастерлеуді қалыптастыру керек.

### **Курстық жұмыстың міндеті:**

- Балабақшада білім беру әдістерін тиімді қолдану;
- Мектеп жасына дейінгі балаларды әдіс-тәсілдер арқылы табиғатты тануға деген қызығушылықтарын арттыру;
- Қоршаған ортаны аялап, қорғауға тәрбиелеу.

**I-тарау. ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУДАҒЫ  
ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР МАҢЫЗЫ**  
**1.Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыру  
әдістерінің жалпы сипаттамасы**

Табиғатты балалардың тікелей қабылдауын және дағдыларды белсенді меңгеруін қамтамасыз ететін әдістер мен тәсілдерді құрметтеген жөн. Мұндай әдістерге бақылау, эксперимент, еңбек, ойындар жатады. Осылармен қатар тәрбиешінің сөздеріне негізделген – әңгіме айту, көркем шығармаларды оқу, табиғи объектілерді көрсету немесе оларды бейнелеу арқылы әңгімелесу әдістері кеңінен пайдаланылады. Жұмыста пайдаланылған әдіс пен тәсіл, мысалы, бақылау әңгімелесумен, тәрбиешінің әңгімесі көркем шығарманы оқумен, эксперимент еңбекпен қосылып жүргізіледі.

Әдістер мен тәсілдерді тандап алу бағдарламаның мазмұнына және мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің айналасындағы табиғатқа, бақылау орыны мен объектіге, сондай-ақ балалардың жасына, олардың жинақталған тәжірибесіне байланысты анықталады.

## 1.2. Балаларды табиғатпен таныстырудағы әдіс-тәсілдер

Жоспарлаудың жалпы мақсаты – балабақшадағы тәрбиелеу бағдарламасының жүзеге асырылуы. Сондықтан әр бөлінген уақыт алдыңғы қорытындыдан және келесі жұмыс міндеттерін есепке ала жоспарлану керек. Табиғатпен таныстыру жұмысының жоспарлануына сәйкес материалдық жағдайдың тууы – табиғат бұрышы, бау-бақша гүлзарлардың және табиғаттағы ойын мен еңбекке қажетті құралдар, білім берудегі техникалық құралдар және т.б. Жоспарда жұмыстың әртүрлілігін қарастырады. Олардың қажеттілігі табиғат құбылыстарының және объектілердің көптігімен анықталады. Сабақ, экскурсия, еңбекті барлық балалармен бақылау, сонымен қатар дербес бақылау топқа немесе кішкене топтарға берілетін табиғат мүйісіндегі бау-бақшадағы, гүлзардағы ойындағы еңбек тарсырмалары. Әр-түрлі формада еңбекті жоспарлау тәрбиешіге балаларды тәрбиелеудегі міндеттерді шешуге көмектеседі. Табиғатпен таныстырудың жұмыс жоспарлары меңгерушінің жылдық жоспарында, жыл маусымына құрылған тәрбие жұмысының перспективті жоспарында, 10 күнге құрылған күнтізбелік жоспарында жүзеге асырылады.

### 1.3. Әр түрлі жастағы балаларды табиғатпен таныстыру міндеттерінің ерекшеліктері

Әрбір жас топтарында балаларды табиғатпен таныстыру белгілі бір бағдарламалық міндеттерге сай жүзеге асырылады. Олар баланың табиғат тану білімдерін бірте-бірте меңгеруін алдын ала қарастырады.

2 жастан 3 жасқа қараған балаларды өсімдіктермен, жануарлармен, өлі табиғат құбылыстарымен таныстырады, оларды кеңістікті ажырата білуге және өсімдіктердің (жапырақтардың, гүлдердің түсін) кейбір белгілерін, жануарлардың қимылдауын ерекшелеп, дұрыс атауға, алғашқы көрнекі байланыстар мен жануарларға сүйенуге (балықтар суда жүзеді) үйретеді.

Төрт жасқа қараған балаларда олардың өмірде үнемі кездесіп отыратын табиғатағы заттар мен құбылыстар жөніндегі түсініктері қалыптасады, сабақтардағы, ойындардағы заттық-сезімдік әрекеттер процесінде тани алатын байланыстарды орнатуға және өмірді нақтылы түсінік ер формасында көрсетуге қол жеткізеді.

Бес жасқа қараған балаларда көрнекі-бейнелі ойлаудың жоғары формасы қалыптасады. Олар жалпылаушы білімдерді меңгере алады. Балаларды өсімдіктердің, жануарлардың жаратылысына тән ерекшеліктерін айыруға, олардың тіршілік ету жағдайларына байланыстылығын анықтауға үйретеді.

Даярлық тобының балалары логикалық ойлаудың қарапайым формасы дамыған болуы тиіс: анализдеу мен синтездеуге қабілеттілік, өсімдіктермен жануарлардың жеке және ортақ белгілерін айыра және жалпылай (мысалы, қоректену, қозғалу, тіршілік реттегі жерлері т.б. белгілеріне қарай жануарлардың әр түрлі топтарын жалпылау) білу.

#### 1.4. Ұлы ағартушылардың табиғат туралы пікірлері.

Көркем өнер – көркемдік талғамды қалыптастырудың өзекті құралы ретінде баланы өз халқының мұраларын игеруіне, халық өнерінің айшықты туындыларынан ләззат алуға, рухани дамуына және халық талантын қастерлеуге, сүйе білуге баулиды. Көркемдік тәрбиенің басты құралдары – бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер, музыка, көркем әдебиет, балалардың айналадағы табиғаттан, адамдар тірлігінің қызықты оқиғаларынан, ойын-сауық мерекелерінен, т. б. алған әсерлерінің шығармашылық іс-әрекеттері барысында терең бекуіне, олардың әсемдікті өз қолымен жасауға талпынысы нәтижесінде сапалы талғамның қалыптасуына мүмкіндік жасалады.

## II. тарау ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУДАҒЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ТҮРЛЕРІ

### 2.1. Серуен кезіндегі бақылау әдісі

#### *Серуендеу кезінде құстарды бақылау.*

Учаскеде кездесетін құстарға назар аударып, оларға жем беру ісін ұйымдастыру керек. Торғайлар – ең көп тараған құстар. Қорек іздеу әрекетімен олар адамдардың мекеніне жақындай келетін қара күз бен қыста оларды бұл жерге күн сайын ұшып келуге және адамдардан қорықпауға оңай үйретуге болады. Ол үшін күнделікті белгілі бір сағатта қардан тазартылған және бетіне құм себілген алаңшаға, үстелшеге немесе ілінген астаушаға жем себіп қоюы керек. Егер балалар бақшасын жақын маңда ұзақ ұясы болмаса, онда В. Саврасовтың «Ұзақтар келді» картинасын қарай отырып, әңгіме өткізеді.

#### *Ағаштарға бақылау.*

Балалар қыстағы ағаштар туралы түсінік алуы және қысқы ландшафтың әдемілігін сезінуі үшін таяу маңдағы орманнан (парктен, скверден немесе өз учаскесінен) аспан мен аппақ қар фонында жақсы байқалатын сидіған бұтақтары бар ағаштарды көрсету керек.



## 2.2. Экскурсия әдісі

Экскурсия – балалар табиғи жағдайларда: орманда, көгалда, бақшада, су қоймасында т.б. табиғатпен танысатын әдіс түрі. Экскурсиялар сабаққа арналып бөлінген сағаттарда жасалады.

Экскурсияда белгілі бір бағдарламалық мазмұны бар, мұны барлық топтың балалары меңгеруге міндетті (экскурсияның күнделікті серуендерден айырмасы - осы).

Экскурсиялардың тәрбиелік-білімдік маңызы өте зор, өйткені олар туған табиғатқа деген ықыласты арттырады, эстетикалық сезімдерді тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

## 2.3. Еңбек әдісі

Балалардың еңбегін ұйымдастыру олардың жасына байланысты. Сәбилердің бірінші тобында балалар тек тәрбиешінің өсімдіктерді қалай күтетінін бақылайды, ал сәбиелердің екінші тобында бұл жұмысқа олардың өздері қатысады. Сәбилердің екінші тобында мысалы, пиязшықты тәрбиешінің жәрдемімен әр бала отырғызады. Жәшіктерді табиғат мүйісіне қояды. Ортаңғы топта барлығы да тәрбиешінің жекелеген тапсырмаларын орындайды. Ересек топтарда оларды тәрбиешінің бақылауымен кезекшілер орындайды. Мектепке даярлық тобында кезекшілерден басқа балалар өсімдіктер мен жануарларды күтуде жеке дара бақылаулар жүргізеді.

**Өсімдіктерді жсу.** Өсімдіктерді аптасына бір рет жуып тұру керек. Ол үшін горшокты бос тегенеге қояды, өсімдікті жылы сумен шайып, оның әр жапырағын жұмсақ шүберекпен сүртеді.

## 2.4. Ойын әдісі

Ойын ережелерге сүйенеді, ережелер әр баланың ойында не істеу керектігін, қалай істеу керектігін, мақсатқа жетудің жолдарын көрсетеді. Ойынды таңдап алған соң, ойынның көмегімен қандай тапсырманы орындайтынын анықтау және ойынды өткізу үшін алдын-ала дайындалу, сонымен қатар балаларға ойын түсінікті, анық, жас ерекшеліктеріне сай болуы тиіс. Ойын – айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ол балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Бала ойнай отырып үйренеді, сондай-ақ ойын өзіндік ойын әрекеті нәтижесінде де қалыптасады.

### ***«Құстар не істейді?» қимылды ойыны***

Қимылмен көрсету. 3-4 топқа бөлініп (ұшып кетеді, ұшып келеді, шоқиды, тығылады, жылынады, т.б.)

Біз, балалар, осы жасаған қимылдарды қайдан көрдік?(далада серуен кезінде құстарға бақылау жасағанда)

## 2.5. Тәрбиешіге қойылатын талаптар

Тәрбиешіден тірі табиғат мүйісін ұйымдастыра білуі өсімдіктер мен жануарлар табиғатта қалай өмір сүрген болса, соған ұқсас жағдайларды жасау талап етеді. Мұнан басқа оның балалар бақшасы учаскесі мен тірі табиғат мүйісіндегі өсімдіктерді өсіреді, агротехникалық әдістерін және жануарларды бағып күтуді меңгеру керек.

Тәрбиешінің өз ісі балаларды еңбек дағдыларына тәрбиелеуде шешуші ықпал етеді. Балаларда табиғат туралы білім мен эстетикалық сезімнің қалыптасу процесінде тәрбиешінің өзінің де табиғаттың сұлулығын тануға және оған сүйсінуге деген ынтасы мен іскерлігінің зор мәні бар. Табиғатты сүйетін тәрбиеші қажетті білімдер мен шеберліктерді сондай-ақ жұмыстың негізгі әдістерін меңгере отырып табиғатты баланың жан-жақты жетілуіндегі күдіретті фактор етеді.

### III. Қорытынды

Қорыта айта келе, әдістер мен тәсілдерді таңдап алу бағдарламаның мазмұнына және мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің айналасындағы табиғатқа, бақылау орыны мен объектіге, сондай-ақ балалардың жасына, олардың жинақталған тәжірибесіне байланысты анықталады. Балабақшада білім беру әдістерін тиімді қолдану керек.

Мектеп жасына дейінгі балаларды әдіс-тәсілдер арқылы табиғатты тануға деген қызығушылықтарын бақылау, эксперимент, еңбек, ойындар арқылы мақсатты түрде қолдану қажет.

Серуендер бүкіл жас топтарының балаларын табиғатпен таныстыру үшін күн сайынғы серуендерді кеңінен пайдаланылады. Олар аздаған экскурсия – мақсатты серуендер, оларды өткізген кезде тәрбиеші учаскені қарап шығады ауа райын, жануарлар мен өсімдіктер тіршілігіндегі маусымдық өзгерістерді бақылауды ұйымдастырады

#### **IV. Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана, 26 желтоқсан. 2003.
2. Балаларды табиғатпен және экология негіздерімен таныстыру, Оқу-әдістемелік құралы. Б.Ф. Ильяшова, М. А. Жамангарина, Қарағанды Болашақ-Баспа 2016
3. Назарбаев Н. Ә. 2007 жылғы «Президенттің Қазақстан халқына жолдауы», Алматы, 2007ж. Білім баспасы.
4. Оқу – тәрбие үрдісіне инновациялық әдіс – тәсілдерді пайдалану – заман талабы. Республикалық ғылыми конференция материалдары Қаз Ұ.У. 2004
5. Сәрсенбаев Т. Ұлттық сана – сезім мен ұлттық қадір – қасиет. Алматы, 1990ж.
6. Савин Н.В. Педагогика., Москва, 1990.
7. М.Жұмабаев Педагогика. «Рауан» баспасы 1993ж.
8. Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Алматы. 1999ж.
9. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Астана 2002ж.
10. Эстетикалық мәдениет «Қазақстан мектебі» журналы 10, 2002ж.
11. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. Алматы. Білім. 1995ж.
12. Сухомилинский В.А. «Балаға жүрек жылуы». Алматы 1976ж.
13. Ө. Танабаев. Эстетикалық тәрбиемен ұштастыру. Алматы 1999.
14. Н.Нұрмұханбетова. Эстетикалық тәрбие берудегі табиғаттың маңызы «Бастауыш мектеп» журналы №11 2004ж.
15. Н.С. Тілеуханов. Эстетикалық тәрбие қалыптастыру. «Бастауыш мектеп» журналы, 1997ж. 7.
16. Ү.Мелдебекова, Т.Әлсатов. Оқушыларға эстетикалық тәрбие берудегі музыканың рөлі. Шымкент 2001ж.
17. Қ. Жарықбаев. Эстетикалық тәрбие туралы. Алматы 2002ж.
18. Педагогикалық ізденіс. Алматы, «Рауан» баспасы. 1990ж.

# Қосымша



№1



**Бақылау:** Жаңбырды бақылау.

**Мақсаты:** Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы: Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.

**Еңбек:** Ағаш түптерін қопсыту.

**Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.

**Жеке жұмыс:** Ал керемет бұл қандай?

Төгіледі төбеден.

Көк теңізден құйғандай

Көл-көсір су не деген?

(Жаңбыр)

**Мақсаты:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.

**Ойын:** «Айгөлек-ау айгөлек».

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.

**Қимылдық ойын:** «Сұр қоян».

**Ойын барысы:** Ойыншылардың біреуі қоян болады. Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады. Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады:

Бармақ болып тоғайға сұр көжек,

Жуынып жатыр бүгжеңдеп:

Тұмсығын жуды,

Құйрығын жуды,

Құлағына жуды-түртінді,

Құп-құрғақ боп сүртінді.

Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды: тұмсығын, құйрығын, құлағын жуады, бәрін сүртеді. Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді (қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқанда ойын аяқталады.

**Балалардың өз бетімен ойнауы:**

1. Сазбалшықтан «қала» құрастырайық.

2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік.

**Тренинг:** «Қолшатыр».





## №2

**Бақылау:** Бұлтты бақылау.

**Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін : шарпы, будақ, қабатты бұлинарды ажырату.

**Еңбек:** Ауладағы гүлдерді суару.

**Мақсаты:** Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.

**Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып

Жерге қайтар су болып. (Бұлт)

**Мақсаты:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру.

**Ойын:** «Кімге қандай құрал керек?»

**Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу.


**Қимылдық ойын:** «Соқыр теке».

**Ойын барысы:** Соқыр теке кең бөлмеде, аулада ойнауға болатын қызықты ойын. Шеңбер сызылып, оның ортасына көзі байланған «соқыр теке» жіберіледі. Қалғандары оны «соқыр теке бақ-бақ», - деп мазақтап тұртіп қашады. Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс. Егер соқыр теке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады. Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыр тек» болады. Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап, шұңқырға, бағанаға қарай бағыттайды. Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді.

**Дербес ойындар:**

1. Өткіншектебу.
2. Тартылғышқа тартылу.

**Тренинг:** «Біз тату баламыз».



**Назарларыңызға  
рахмет!**

